

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

12-сабақ

Тақырып: Сандар тізбегі

Сынып жұмысы

Тізбектің формуласы

1. Формула арқылы тізбектің алғашқы 5 мүшесін жаз
$$a_n = 3n - 1$$
2. Формула арқылы тізбектің алғашқы 5 мүшесін жаз
$$a_n = \frac{2n - 1}{2^n - 1}$$
3. Тізбектің заңдылығын анықтап, формауласын жазыңыз
7; 10; 13; 16; 19; ...
4. Тізбектің заңдылығын анықтап, формауласын жазыңыз
$$\frac{1}{1 \cdot 2}; \frac{1}{2 \cdot 3}; \frac{1}{3 \cdot 4}; \frac{1}{4 \cdot 5}; \dots$$
5. Тізбектің заңдылығын анықтап, формауласын жазыңыз
$$\frac{1}{2}; \frac{2}{3}; \frac{3}{4}; \frac{4}{5}; \dots$$

Анықтама арқылы тізбек құру

6. Өсу ретімен жазылған 4-ке бөлгенде 1 қалдық беретін сандар
7. Алғашқы екі мүшесі 1-ге, ал үшінші мүшесінен бастап, алдыңғы екі мүшесінің қосындысына тең
8. Ең кіші екі таңбалы саннан басталатын, және әрбір келесі мүшесі, алдыңғы мүшесіне оның цифрлар қосындысын қосу арқылы анықталады
9. Тізбектің екінші мүшесінен бастап, өзінің көршілерінің көбейтіндісіне тең. Алғашқы екі мүшесі 1 және 2.
10. Тізбектегі сандар 1-ден бастап, әр мүшесі нешеге тең болса, сонша реттен жазылған.

Тізбектің қандай да бір мүшесін табу

11. 7-ге бөлгенде 3 қалдық беретін сандар өсу ретімен жазылған. Осы тізбектегі 111-ші сан нешеге тең?
12. Тізбектегі 10 сан, әрбір үшеуінің қосындысы 7-ге тең болатындай етіп жазылған. Ал барлығының қосындысы 21. жетінші санды анықта
13. 7; ___; ___; ___; ___; ___; 9 тізбегін толықтырыңыз. Тізбекте қатар тұрған үш мүшелерінің қосындысы 20-ға тең.
14. Тізбектің екінші мүшесінен бастап, өзінің көршілерінің көбейтіндісіне тең. Алғашқы екі мүшесі 1 және 2. Осы тізбектегі 2025-ші тұрған қандай сан?
15. Тізбектегі сандар 1-ден басталып, әрбір келесі мүшесі өзінен алдыңғы санның соңғы цифрасын қосқанға тең. Осы тізбектің 1000-шы санын тап